

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 83 "Каспий теңізі солтүстік бөлігінің қорық аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібімен қоса қорғалу аймағын орнату туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2006 жылғы 20 маусымдағы N 165 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 10 шілдеде N 2465 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 2008 жылғы 28 қаңтардағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 28.01.2008 № 31 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 " Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес облыс әкімияты **қаулы етеді:**

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 83 "Каспий теңізі солтүстік бөлігінің қорық аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібімен қоса қорғалу аймағын орнату туралы" қаулысына (Атырау облысы әділет департаментінде 2004 жылғы 4 мамырда N 1947 тіркелген, 2004 жылғы 3 тамыздағы N 89 "Атырау" және 2004 жылғы 20 мамырдағы N 57 "Прикаспийская коммуна" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 14 бабына сөздері Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 шілдедегі N 593 "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 37 бабына сөздерімен **ауыстырылсын;**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 36-Б "Бір балықшыға және балық аулау құралдарының түрлері бойынша өндірістік ынталандырудың уақытша Нормативтерін бекіту туралы" бұйрығына" деген сөздер **алынып тасталсын;**

барлық мәтін бойынша "Балық шаруашылығы басқармасына", "балық шаруашылығы басқармасы" деген сөздер сәйкесінше "Ауыл шаруашылығы департаментіне", "Ауыл шаруашылығы департаменті" деген сөздермен **ауыстырылсын;**

3-тармақтың 1), 2) тармақшалары алынып тасталсын;
барлық мәтін бойынша "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу

бойынша "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасы" "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу бойынша "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасына", деген сөздер тиісінше "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Ж. Нақпаева жүктелсін".

қ о с ы м ш а д а :

Барлық кесте бойынша "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу бойынша Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасымен" деген сөздер "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Облыс әкімиятының 2006 жылғы 24 наурыздағы N 94 "Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 83 "Каспий теңізі солтүстік бөлігінің қорық аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібімен қоса қорғалу аймағын орнату туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Облыс әкімі